

Қазақстан Республикасының үкіметтік қарыз алуын және жергілікті атқарушы органдарының қарыз алуын жүзеге асыру ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 2000 жылғы 8 маусым N 874. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 5 ақпандағы N 110 қаулысымен

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының үкіметтік қарыз алуын және жергілікті атқарушы органдарының қарыз алуын жүзеге асыру ережесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі бір айлық мерзімде заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Үкіметінің бұрынырақта қабылданған шешімдерін осы қаулыға сәйкес келтіру жөнінде ұсыныстар енгізсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2000 жылғы 8 маусымдағы
N 874 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасының үкіметтік қарыз алуын және жергілікті атқарушы органдарының қарыз алуын жүзеге асыру ережесі

1. Жалпы ережелер

ЕСКЕРТУ. Мәтіндегі "Экономика" деген сөзден кейін "және бюджеттік жоспарлау" деген сөздермен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2003.11.26. N 1184 қаулысымен.

Осы Ереже "Бюджет жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 1 сәуірдегі Заңына, "Мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген қарыз алу мен борыш туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 2 тамыздағы Заңына, заемдарды тарту процесін реттейтін және Қазақстан Республикасының Үкіметі мен жергілікті атқарушы органдарының қарыз алуын жүзеге асыру тәртібін белгілейтін Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік құқықтық кесімдеріне сәйкес әзірленді.

2. Үкіметтік қарыз алуды жүзеге асыру

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарыз алуы мыналардың:

- 1) қарыз алудың қаржылық шекараларын белгілеу;
- 2) қарыз алудың инвестициялық басымдықтарын анықтау;
- 3) болжалды үкіметтік заемдардың тізбесін қалыптастыру негізінде жүзеге асырылады.

2. Қарыз алудың қаржылық шекараларын белгілеу мынадай рәсімдерді қамтиды:

1) Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі (бұдан әрі - Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі) Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрлігімен, Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен (бұдан әрі - Қаржы министрлігі) және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен (бұдан әрі - Ұлттық Банк) (келісім бойынша) бірлесіп, жыл сайын елдің экономикалық дамуының орта мерзімді болжамы құрамында макроэкономикалық көрсеткіштердің он жылдық кезеңге арналған болжамын әзірлейді; <*>

2) қабылданған макроэкономикалық көрсеткіштерді ескере отырып, Қаржы министрлігі Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігімен және Ұлттық Банкімен (келісім бойынша) бірлесіп, үкіметтік қарыз алу мен борыштың жай-күйіне және алдағы онжылдық кезеңге арналған болжамына жыл сайынғы бағалау жүргізеді;

3) үкіметтік қарыз алу мен борыштың жай-күйін бағалау және алдағы онжылдық кезеңге арналған ұзақ мерзімді болжамы негізінде Қаржы министрлігі үкіметтік борыштың жоспарланып отырған жылға арналған рұқсат етілетін деңгейін, оны өтеу мен қызмет көрсетудің рұқсат етілетін көлемін айқындауды жүргізеді. Үкіметтік қарыз алу қаржы жылы ішінде тиісті жылға арналған республикалық бюджет туралы Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген үкіметтік борыштың лимитімен және үкіметтік борышқа қызмет көрсетуге жұмсалатын қаражат көлемімен шектеледі.

ЕСКЕРТУ. 2-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.11.26. N 1184 қаулысымен

3. Қарыз алудың инвестициялық басымдықтарын айқындау өзіне мынадай рәсімдерді қамтиды:

1) Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі орталық мемлекеттік органдармен бірлесіп, "Қазақстан - 2030" Стратегиясының, Қазақстан Республикасы Үкіметінің Іс-қимыл бағдарламасының, Мемлекеттік инвестициялар бағдарламасы (бұдан әрі - Бағдарлама) шеңберінде жобаларды іске асыруды дамыту мен талдаудың салалық және аймақтық стратегиялары негізінде жыл сайын мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген қарыз алудың

инвестициялық басымдықтарын қалыптастырады және Қазақстан Республикасы Үкіметінің бекітуіне ұсынады;

2) орталық және жергілікті атқарушы органдар заңнамада белгіленген тәртіппен Бағдарламаға енгізу үшін ұсынылатын жобаларды дайындауға, іріктеуге, сараптауға байланысты іс-шаралар жүргізеді;

3) Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі Бағдарламаға енгізу үшін ұсынылатын жобалардың дерекқорын қалыптастырады және кодтандыруды жүзеге асырады, осы жобаларға экономикалық бағалау жүргізеді, мемлекеттік қарыз алудың инвестициялық басымдықтарына сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің заемдары есебінен қаржыландыруға ұсынылатын жобалар тізбесінің Бағдарламасын қалыптастыру жөніндегі Комиссияның қарауына ұсынуды және қалыптастыруды жүзеге асырады, Бағдарламаның жобасын дайындау және Қазақстан Республикасының Үкіметіне бекіту үшін жобаны немесе оның өзгерістерін, толықтыруларын енгізуді жүргізеді.

4. Тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджеттің тапшылығын қаржыландыру үшін тартылатын болжалды үкіметтік заемдардың тізбесін қалыптастыру өзіне Қаржы министрлігінің мыналарды:

1) Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігімен бірлесіп, қолданыстағы сыртқы заемдардың тізбесін және қаражат түсімдерінің жылдық көлемін;

2) Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігімен және мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп, өздерінің дайындық дәрежесін, Қазақстан Республикасы Үкіметінің сыртқы борышының жинақталған қалдығы деңгейін және халықаралық қаржы ұйымдарымен және дамуға ресми көмектің донор-елдері үкіметтерімен басқа да сыртқы кредиторлармен өзара іс-қимылдың перспективасын ескере отырып, қаражат түсімдерінің жылдық көлемін және қол қоюға әзірленіп жатқан бағдарламалық және инвестициялық сыртқы заемдардың болжалды тізбесін;

3) республикалық бюджеттің тапшылығын сыртқы көздердің есебінен қаржыландыру, ішкі борыштың жинақталған қалдығы мен несие капиталының ішкі рыногы конъюнктурасын талдауды негізге ала отырып көзделген қаржы құралдарын және ішкі қарыз алудың көлемдерін;

4) капиталдардың халықаралық рыноктарында мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздарды орналастыруды қоса алғанда, жоғарыда санамаланған көздермен жабылмаған бюджеттің тапшылық бөлігін қаржыландыру үшін қарыз алудың өзге де болжалды көздері мен құралдарын айқындауын қамтиды.

Қарыз алудың қаржылық шекараларын және болжалды үкіметтік заемдардың тізбесін ескере отырып, Қаржы министрлігі болжалды көздер мен құралдар бойынша республикалық бюджеттің берілген тапшылығын қаржыландырудың

болжамды есептемелерін жүзеге асырады, солардың негізінде үкіметтік борышты , жоспарланып отырған жылға арналған үкіметтік борыштың лимитін өтеу мен қызмет көрсетуге жұмсалатын қаражаттың көлемін есептейді және осы ұсыныстарды республикалық бюджетті қалыптастыру жөніндегі Бюджет комиссиясына жібереді.

5. Тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы Қазақстан Республикасының Заңын атқару шеңберінде нақты үкіметтік заемды тарту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімін дайындау үшін Қаржы министрлігі мүдделі министрліктер мен ұйымдарды тарта отырып, мыналарды:

1) несие капиталы рыногының конъюнктурасын зерделеу және қарыз алудың мүмкіндіктерін бағалауды;

2) тиісті жылға арналған жаңа үкіметтік заемдардың есебінен қаржыландыру көзделіп отырған жобаның қаржылық сипаттамаларын талдауды;

3) қолда бар мүмкіндіктер шеңберінде жобаны қаржыландыру жөнінде қағидаттық ұсыныстар дайындауды;

4) үкіметтік заемды тарта отырып, жобаны қаржыландыру сызбасы жөнінде ұсыныстар дайындауды (нысаны, заем алушылар, кредиторлар, шектеулер);

5) Қазақстан Республикасының Үкіметі үшін жобаны қаржыландыру жөнінде ұсыныстар дайындауды жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасының Үкіметі Қаржы министрлігінің ұсыныстары негізінде үкіметтік заемды тарту туралы шешім қабылдайды. Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімінде қарыз алуды жүзеге асыру нысаны және оның көлемдері, мемлекеттік органдардың және Қазақстан Республикасының ресми тұлғаларының - Қазақстан Республикасының атынан келіссөздерге қатысушылардың құрамы мен өкілеттіктері, келіссөздерді жүргізу және заемға байланысты құжаттарға қол қою тәртібі белгіленеді.

6. Заем туралы шартты (келісімді) жасасу нысанында Қазақстан Республикасының Үкіметі қарыз алған кезде дайындық:

1) кредиторлармен қаржыландыруға ұсынылып отырған жоба, заемның болжалды шарттары бойынша келіссөздер ұйымдастыруды және жүргізуді;

2) шарттардың қолайлылығын және олардың қаржылық (бюджеттік) шектеулерге сәйкестігін бағалауды;

3) заем туралы шарттың (келісімнің) және ілеспе құжаттардың жобаларын дайындауды;

4) заем қаражатын пайдалану оны өтеуді және оған қызмет көрсетуді қамтамасыз ету қатынастарын, Қаржы министрлігінің заем алушылармен, заем алушылардың заем бойынша есепті және міндеттемелерге қызмет көрсетуін жүзеге асыратын ұйымдармен (қаржы агенттерімен) өзара қарым-қатынастарын реттейтін құжаттарды дайындауды және ресімдеуді қамтиды.

7. Халықаралық капитал рыноктарына мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздарды шығару нысанында Қазақстан Республикасының Үкіметі қарыз алған кезде дайындық:

1) мемлекеттік бағалы қағаздарды шығарудың рыноктарын және әріптестерін айқындау жөніндегі іс-шаралар ұйымдастыруды және жүргізуді;

2) осындай мәміле үшін белгіленген талаптарға сәйкес қажет құжаттаманы дайындауды қамтиды.

Ішкі капитал рыноктарына мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздарды шығару нысанында Қазақстан Республикасының Үкіметі қарыз алған кезде Қазақстан Республикасының Үкіметі осындай бағалы қағаздарды шығарудың, орналастырудың, айналысының, өтеудің және қызмет көрсетудің ережесін бекітеді.

8. Үкіметтік заем жөніндегі құжаттаманы келісуді мүдделі мемлекеттік органдар жүзеге асырады. Дайындалған құжаттаманың негізінде Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі нәтижелері тиісті қорытындылармен ресімделетін заем бойынша құжаттардың құқықтық сараптамасын жүргізуді жүзеге асырады.

9. Ресімделген заем туралы шартқа (келісімге) қол қою Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешіміне сәйкес жүзеге асырылады.

10. Заем туралы шарт (келісім) Қазақстан Республикасы Үкіметінің заңнамалық кесімдеріне сәйкес Қазақстан Республикасы Парламентінің бекітуіне жатады.

11. Сыртқы үкіметтік заем шарты (келісімі) жасалғаннан немесе сыртқы капитал рыноктарындағы мемлекеттік бағалы қағаздардың эмиссиясы бойынша құжаттарға қол қойылғаннан кейін Әділет министрлігі заемның Қазақстан Республикасының заңнамалық кесімдеріне сәйкестігі туралы заңды қорытындыны ресімдейді.

12. Қол қойылған заем туралы шарттар (келісімдер) үкіметтік борыштық міндеттемелердің тізілімінде (дерекқорында) Қаржы министрлігінің тіркеуіне жатады.

13. Қазақстан Республикасының үкіметтік заемдары бойынша алынған қаражат республикалық бюджетке аударылады және тиісті жылға арналған республикалық бюджет туралы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес оның орындалуы тәртібімен пайдаланылады.

14. Қаржы министрлігі үкіметтік заемдарды алу есебін жүзеге асырады, ал Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі - заемдар бойынша орындаушы агенттер (түпкілікті заем алушылар, қаржы агенттері, бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері) міндетті түрде беретін, сондай-ақ кредиторлардан алынатын ақпарат негізінде жобалардың іске асырылуын бақылайды.

Орындаушы агенттердің ақпаратты беру нысандары мен мерзімдерін Қаржы министрлігі мен Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі белгілейді.

15. Үкіметтік заемдарға қызмет көрсету мен өтеу оны жыл сайын қалыптастыру және атқару тәртібімен республикалық бюджет қаражатының есебінен жүзеге асырылады.

16. Қаржы министрлігі кредиторлардың және Қаржы министрлігі қаржы агенттерінің деректері негізінде үкіметтік заемдарды өтеу және оған қызмет көрсету жөніндегі төлемдердің мониторингін жүзеге асырады.

3. Жергілікті атқарушы органдардың қарыз алуын жүзеге асыру

17. Жергілікті атқарушы органның мемлекеттік қарыз алуы жергілікті бюджетте бекітілген жергілікті атқарушы органның қарыз алуы мен борыш лимиттерімен және жергілікті атқарушы органның борышын өтеуге және оған қызмет көрсетуге жұмсалатын жергілікті бюджет қаражатының көлемімен шектеледі. Жергілікті атқарушы органдар бойынша қарыз алудың жиынтық лимиті шегінде жергілікті атқарушы органның қарыз алу лимитін және жергілікті атқарушы органның тиісті қаржы жылына арналған борыш лимитін айқындауды республикалық және жергілікті бюджеттердің жобаларын қалыптастыру процесінде белгіленген тәртіппен Қаржы министрлігі мен жергілікті атқарушы органдар жүзеге асырады.

18. Жергілікті атқарушы орган қарыз алудың бекітілген лимиті шегінде:

Қазақстан Республикасының Үкіметімен келісілген аймақтық инвестициялық бағдарламаларды қаржыландыру үшін заңды және жеке тұлғалардан;

Қазақстан Республикасы Үкіметінің тиісті қаржы жылына арналған резервінің құрамында көзделген арнайы резервтің есебінен республикалық бюджеттен;

тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы Заңда бекітілген инвестициялық бағдарламаларды қаржыландыруға республикалық бюджеттен заем қаражатын тартуды жүзеге асыра алады.

Төмен тұрған бюджеттерді несиелендіруге арналған арнайы резерв және тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджетте көзделген инвестициялық бағдарламалар жергілікті атқарушы органдардың қарыз алудың жиынтық лимитіне енгізіледі. Жергілікті атқарушы органдардың қарыз алуы заем шарттарының (келісімдерінің) немесе жергілікті атқарушы органдардың бағалы қағаздарын шығару нысанында жүзеге асырылады.

19. Жергілікті атқарушы орган жергілікті атқарушы органның заем қаражаты есебінен басым іске асыруға жататын аймақтық инвестициялық бағдарламаларды анықтайды. Жергілікті атқарушы органның аймақтық инвестициялық бағдарламасын іске асыру осы үшін тартылатын заемдарды өтеуді және оған қызмет көрсетуді жүзеге асыру үшін жеткілікті қаржы ресурстарын

қалыптастыруды қамтамасыз етуі тиіс.

20. Жергілікті атқарушы орган әрбір аймақтық инвестициялық бағдарлама бойынша, қарызға алынатын қаражат есебінен бағдарламаны іске асырудың орындылығын қарау үшін тиісті жергілікті өкілді органға жіберілетін қажетті техникалық-экономикалық құжаттаманы, есептемелер және негіздемелер дайындауды жүзеге асырады. Заемдарды тарту туралы шешім қабылдау жергілікті атқарушы органға белгіленген қарыз алу мен борыш лимиті шегінде жүзеге асырылады.

Тиісті өкілді органның оларды заем қаражаты есебінен тиісті жергілікті бюджеттен қаржыландыру туралы оң шешімі бар аймақтық инвестициялық бағдарламалар Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігіне қарауға жіберіледі. Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінің оң қорытындысы және жергілікті атқарушы органға белгіленген қарыз алу лимитіне сәйкес болған жағдайда аймақтық инвестициялық бағдарлама Қазақстан Республикасының Үкіметімен келісіледі, оның тиісті шешімімен ресімделеді. Құжаттарға қойылатын талаптар және жергілікті атқарушы органдардың аймақтық инвестициялық бағдарламаларын келісу тәртібі Қазақстан Республикасының Үкіметімен жергілікті атқарушы органдардың қарыз алуы есебінен қаржыландырылатын, аймақтық инвестициялық бағдарламаларды келісу ережесімен белгіленеді.

21. Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімінде жергілікті атқарушы органның аймақтық инвестициялық бағдарламасын келіскен кезде, осы жергілікті атқарушы органның жергілікті атқарушы органдар бойынша тиісті жылға арналған республикалық бюджетте бекітілген қарыз алудың жиынтық лимитін пайдалану көлемі белгіленеді.

22. Жергілікті атқарушы орган Қазақстан Республикасының Үкіметімен келісілген аймақтық инвестициялық бағдарламаларды қаржыландыру үшін ықтимал кредиторларды іздестіруді жүзеге асырады, заемды беру сызбалары мен шарттары бойынша алдын ала келіссөздер жүргізеді, заем туралы шарттардың (келісімдердің) жобаларын, жергілікті атқарушы органның қолданылып жүрген ережелер бойынша мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздарды шығаруы жөнінде ұсыныстар және мемлекеттік бағалы қағаздардың жаңа түрлерін шығарудың, орналастырудың, айналысының, өтеудің және қызмет көрсету ережелерінің жобасын дайындайды және осы ақпаратты өтінім-хаттармен қаржылық сараптамаға Қаржы министрлігіне, құқықтық сараптамаға Әділет министрлігіне береді. Мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздарды шығарудың, орналастырудың, айналысының, өтеудің және қызмет көрсету ережесінің жобасы, сонымен қатар Ұлттық Банкке да жіберіледі. <*>

ЕСКЕРТУ. 22-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2001.10.28. N 1369

қ а у л ы с ы м е н

23. Қаржы министрлігі Ереженің 22-тармағында көрсетілген қаржылық сараптамаға өтінімді алған сәттен бастап бір ай ішінде белгіленген шектеулерге, жергілікті атқарушы орган тартатын заемның борыштық ахуалға ықпалының және ол бойынша заем қаражатының есебінен тиісті жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын аймақтық инвестициялық бағдарламаны (жобаны) іске асыру нәтижесінде құралған кірістердің есебінен міндеттемелерді орындаудың қамтамасыз етілу сәйкестігіне заемның қаржылық шарттарына сараптама жүргізеді және заем шарттарының қолайлылығы, олардың сыйақының (мүдденің) шекті мөлшеріне, жергілікті атқарушы органның қарыз алу лимиттеріне және борышына сәйкестігі туралы қорытындыны береді.

24. Әділет министрлігі осы Ереженің 23-тармағында көрсетілген ақпараттың құқықтық сараптамаға арналған өтінімді алған сәттен бастап бір ай ішінде тапсырылған құжаттардың құқықтық сараптамасын жүргізеді және мәміле мен оны ресімдейтін құжаттардың Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкестігі туралы қорытындыны береді.

25. Жергілікті атқарушы орган Әділет министрлігі мен Қаржы министрлігінің оң қорытындылары болған жағдайда, заем туралы немесе мемлекеттік бағалы қағаздар эмиссиясы туралы шарт (келісім) бойынша қажетті құжаттарды дайындау мен ресімдеуді аяқтайды.

Жергілікті атқарушы органның Заем туралы шарты (келісімі) Қаржы министрлігі тіркегеннен кейін ғана осы шарт (келісім) күшіне енетіні туралы е р е ж е н і қ а м т у ы т и і с .

Мемлекеттік бағалы қағаздар эмиссиясын жергілікті атқарушы орган, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банктің осы эмиссияға ұлттық сәйкестендіру нөмірін беріп және Қаржы министрлігі оның шарттарын (аукционның, жазылымдардың нәтижелерін) келісе отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен тиісті мемлекеттік бағалы қағаздарды шығарудың, орналастырудың, айналысының, өтеудің және қызмет көрсетудің ережелеріне сәйкес жүзеге асырады. <*>

ЕСКЕРТУ. 25-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2001.10.28. N 1369

қ а у л ы с ы м е н

26. Ресімделген шартты (келісімді) немесе мемлекеттік бағалы қағаздардың эмиссияларының нәтижелерін жергілікті атқарушы орган сыйақыны (мүддені) өтеу, төлеу кестелерімен және басқа да қосымшалармен бірге Қаржы министрлігіне тапсырады.

27. Қаржы министрлігі заем шарттарының белгіленген шектеулерге сәйкестігін тексереді, оларды жергілікті атқарушы органдардың борыш мониторингінің дерекқорында ескереді және жергілікті атқарушы органға заем

туралы шарт (келісім) бойынша тиісті тіркеу куәлігін бере отырып, заем туралы шартты (келісімді) немесе жергілікті атқарушы органның мемлекеттік бағалы қағаздар эмиссиясының нәтижелерін тіркейді.

28. Жергілікті атқарушы органның негізгі борышын өтеу және заемдарына қызмет көрсету заемдардың шарттарын ескере отырып, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының тиісті бюджетінде бюджетке түсетін түсімдердің есебінен көзделеді және оны орындау тәртібімен жүзеге асырылады.

29. Жергілікті атқарушы орган қарыз алу, оны өтеу және оған қызмет көрсету нәтижесінде құралған борышты тіркеуді, оның мониторингін және оны басқаруды ұйымдастырады және жүзеге асырады.

Қаржы министрлігі жергілікті атқарушы органдардың заемдарды алу, қызмет көрсету және өтеу мониторингін Қаржы министрлігі белгілейтін нысандарда және мерзімдерде оны жергілікті атқарушы органдар жедел және ағымдағы ақпаратты міндетті түрде беруі негізінде жүзеге асырады.